

Шымкент қалалық білім бөлімі
№29 “Ай-Керім” бөбекжай- бақшасы МКҚК

№1 хаттама

№1 Педагогикалық кеңес

«Мектепке дейінгі тәрбие ұйымының жаңа оқу жылына дайындығы»

2020жылғы 30 тамыз

Шымкент қаласы

Төрайымы б/б меңгерушісі: А.И.Хожамуратова

Хатшы: Ж.Н.Даниярбекова

Қатысқандар: 43

Қатыспағандар: Жок

Күн тәртібі:

1. Тренинг: “Әуенді терапия” психолог Э.Маюсупова
2. 2020-2021 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын бекіту. Меңгеруші: А.И.Хожамуратова
3. Ұйымдастырылған оқу жоспарын (вареативтік бөлім) бекіту.
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы (есеп беру) әдіскер М.Абилдаева
5. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының қорытынды есебі. Тәрбиешілер мен педагогтар
6. Әр түрлі мәселелер (күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызмтінің кестесі, аттестация құрамын бекіту, педагогикалық кеңестің хатшысын бекіту) меңгеруші А.И.Хожамуратова

Педагогикалық кеңеске қатысушы педагогтарға мотивация беру мақсатында ,балабақша психологі Э.Маюсупова “Әуенді терапия ” тренингін ұйымдастырды. Тренингтің басты мақсаты педагогтің кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл- күйін көтеру.Аудио терапия, баяу әуен қойылды. Әуенді қосар алдында педагогтер көздерін жұму керек болды. Терең демалып әуен ырғағына зейін аударын Э.Маюсупованың сөздеріне құлақ салды. “Әуенді терапия” тренингі педагогтардың психологиялық және эмоцияналдық жағдайына әсер етіп, оларға үлкен жағымды көңіл күй сыйлай білді. Барлық ұжым психологқа рақметін айтты.

Келесі күн тәртібі бойынша меңгеруші А.И.Хожамуратова тыңдалды. Ең алдымен барлық педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі. Ол балаларды дамытудың өзектілігі, бір ғана мақсатпен түсіндіріледі, терең ойлы, дені сау ақылды және мейірімді бала қалыптасатындай, білім беру керек екендігін атап өтті. Ол үшін педагогтан үнемі ізденіс үстінде жұмыс жасауы қажет. Меңгеруші А.Исинбаевна жаңа оқу жылының жоспары мен таныстырып өтті. Біз бала өмірімен денсаулығына аса мән беруіміз қажет. Оны дамыту тікелей міндетіміз. Сондықтан балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтына деген құштарлығын аттыра отырып қалыптастырып, осы жүктелген міндеттермен мақсаттарды жүзеге асыру үшін көп ізденістер қажет екенін еске салды.

Сөз кезегін Айкөйлек тобының тәрбиешісі Г.Жунусбаева алды. Бала қабілетінің ашылуы үшін, тәрбиеші жаңашыл білімді, іскер қабілетті жасаушылықты сезіне алатын, жаңа технологияларды толық меңгерген өз ісінің маманы, болу керек деп алға тартты. Осы мақсат бойынша жұмыс жасасак нәтижелі жетістіктерге жететіндігін және барлық педагогтарды бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Келесі сөзді “Балапан” тобының тәрбиешісі Ұ.Керімбекова алды. Жылдық мақсатты тыңдадық, өте ұнады. Балаларға топта ойындарды ойнатып, жұмысымызды тереңдете түсеміз. Өз білімімізді тереңдете жұмысты өрбітеміз. Деген өз ойын жеткізе білді.

Келесі сөзді бақша әдіскері М.Абилдаева алды. Ол жазғы мезгілдегі өткізілген жазғы сауықтыру жұмыстары бойынша есеп берді Тәрбиешілер өздерінің жаз бойы жасаған жұмыстарын айтып шықты. Жазғы уақытта баланы таңертең қабылдап ал,аннан бастап көңілінің көтерілуіне денсаулығына зор көңіл аударамыз, ойындарды түрлендіре қолдана отырып баланың дамуына, денсаулығына , жағдай жасағандығын айта білді. Спорттық қимылдық, логикалық , дидактикалық ойындарды көбірек қолданған. Сонымен қатар жаңа оқу жылына дайындығы жөнінде мәлімдеді.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша балабақша әдіскері М.Абилдаева сөз қозғады. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын мәлімдеді. Негізгі мақсат педагогтердің өз жасына лайықты материалдарды меңгере алуы, таратпа құралдарын дайындап , көрнекіліктер мен дидактикалық ойындарды топтау болатын. Жалпы тәрбиешілер жаңа оқу жылына жақсы дайындалған. Негізі аса мәнді дидактикалық логикалық, ойындарға табиғат таным, білім аумағына аударғаны жөн жеп мәлімдеді.

Қаулы етілді:

№1 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.әр бөлім өз деңгейінде және әр педагог өзіне берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, өз дәрежесінде орындасын.
2. Ұйымдастырылған оқу жоспары (варетивтік бөлім) бекітілсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы бойынша айтылған ескертулер өз нәтижесін тапсын есеп беру әдіскерге тапсырылсын.
4. Жаңа оқу жылының дайындық жұмысының қорытындысы бойынша айтылған ескертулер өз нәтижесін тапсын.
5. Күн тәртібі, ҰДЖ, кестесі бекітіліп,қолданысқа енсін, әр педагогқа жүктелген міндеттемелер өз уақытында орындалып отырсын.

Төрайымы

М.Хожамуратова

Хатшы;

Ж.Н.Даниярбекова



Шымкент қалалық білім бөлімі
№29 “Ай-Керім” бөбекжай- бақшасы МКҚК

№2 хаттама

№2 Педагогикалық кеңес

«Тіл ұлттың, идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі»

2020жылғы қазан

Шымкент қаласы

Төрайымы б\б меңгерушісі: А.И.Хожамуратова

Хатшы: Ж.Н.Даниярбекова

Қатысқандар: 43

Қатыспағандар: Жок

Тіл – ұлттың, идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі»

Күн тәртібі:

1. Тренинг: «Мен кереметпін»
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудағы ойын технологиясының түрі, ұсақ моторикасының маңызы. (өз тәжірибесінен) тәрбиеші А.Манашева
3. «Баланың тілін дамытуда жеке қатынасты қалай жасаймыз» Л.Илясова
4. “Достық” іскерлік ойын Әдіскер М.Абилдаева

Педагогикалық кеңес балабақша психологы Э.Маюсупованың “Мен кереметпін” тренингімен басталды. тренинг мақсаты тәрбиешілердің кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс жасау. Дербестігін дамыту. Эмоционалдыкөңіл-күйлерін көтеру. Бойдағы шаршаудан стерестен арылуға ықпал жасау. “Керемет” сөзіне ұксас сөздерді атап беру керек екендігін айта келе әрбір өзін кереметпін деген тәрбиеші өз бойындағы таңқалаларлық, жақсы қасиеттерін айта білді. Тренинг, барлық ұжымға көтеріңкі көңіл-күй, жақсы атмосфера сыйлай алды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша “Шұғыла” тобының тәрбиешісі А.Манашева тыңдалды. Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудағы ойын технологиясының түрі, ұсақ моторикасының маңызы. Балаларды шығарма құрауға, мазмұнын айтып беруге, қалай машықтандырамыз. Балалардың тілін дамытудағы саусақ моторикасын қалай дамыт керекекендігін түсіндіріпжұмыс жасау. Оқылған шығарманың мазмұнын өз түсінігі бойынша ауызша баяндай білуге машықтандыру жолдарын түсіндірді. Сөйлеуді дамытуда. Сөздік жұмыс, сөйлем, әңгіме құрастыру жұмысы жүргізіледі. тәрбиешінің айтқан ойынын зейін қоя тындап, саусақ моторикасының маңызына арналған ойындарды белсене ойнайтынын айтып өтті.

Осы сұрақ бойынша ересек тобының тәрбиешісі Б.Даулетова сөз алды. Менің ойымша тәрбиеші педагогтар ата-аналар баланың кез-келген уақытта берген жауабының толық дауысының анық ашық мәнерлі болуын талап елуі керек . осындай балалардың қызығушылығын арттыру арқылы балалардың ойлау қабілетін де аса пайдалы екенін айтып кетті.

Кеңестің үшінші мәселесі бойынша қазақ тілі пән жетекшісі Л.Т.Илясова тыңдалды. Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту мәселесі барлық сабақта жүзеге асырылады. Бағдарламаның ең көлемді бөлігі ана тілі және айналадағы дүниемен таныстыру. Бағдарламаның осы бөлімінде тілдің қоғамдық рөлі лексикалық қоры оны дамыту, тіл тазалығы, сөздің дыбыстық құрамын меңгерту, мәнерлі сөйлеуге үйрету, тіл мәдениетіне көркемсөз өнеріне баулу мәселелері қарастырылған. Аз сөз бен көп мағына беретін мақал- мәтел аңыз ертегілер, эпостық шығармалар, ғасырлар бойы ауыздан ауызға жатталып бүгінгі ұрпақтың рухани азығына айналып отыр. Мектепке дейінгі педагогикалық теориялық және практикалық мақсаты – жас ұрпақтың ой-өрісін сана-сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім дағдыларға үйрету. Сөйлек тілі мен сөздік қарым қатына жасайды. Өмірдегі түрлі іс әрекет жайын білуге құмарта түседі. сондай ақ бұл мәселелердің барлығы еңбек процесінде тәрбиешілердің басшылығымен іске асатындығын айтып өтті.

Кеңестің соңғы сұрағы бойынша бақша әдіскері М.Абилдаева сөз алды. Ойынның негізгі мақсаты тәрбиешілердің мәнерлеп оқу, сахналық іс тәжірибесін қалыптастыру. Тәрбиешілердің балаларға раналған көркем әдебиет жөніндегі білімдерін тереңдету болып табылады. Шығармашылығы мен ынтасын дамыту. Тәрбиешілерден команда құру қазылар алқасын сайлау, қазылар команда жауабын 5 балл көлемінде оның дәл және дұрыстығына орай бағалайды.

Балабақшадағы бағдарламаны қаншалықты білу тәрбиешілердің артистігі әдеби шығарманы мәнерлеп оқуы, соңғы жарыс саудасы командаларағ жасырылған мақал мәтелдерді табу, сонына қарай бағалануы, ұйымдастыру жақсы болуы. Рәкмет айтып ойын өз мақсатына жеткізілді.

Қаулы етілді:

№2 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуге педагогтарға үлгі болып жалғасын тапсын.
2. Көркем шығарманы түсініп мазмұнын айтып беру үшін қосымша методикалық тәсілдерді үнемі қолданып отырсын.
3. Сауықтыру шынықтыру құралдары толықтырылсын, педагогтар ізденістерін жалғастырсын.

Төрайымы:

Хатшы:



А.И. Кожамуратова

Д.Д. Даниярбекова

Шымкент қалалық білім бөлімі
№29 “Ай-Керім” бөбекжай- бақшасы МКҚК

№ 3 хаттама

№3 Педагогикалық кеңес
“Баланың интеллектуалды дамуы”

2020 жылғы желтоқсан

Шымкент қаласы

Төрайымы б\б меңгерушісі: А.И.Хожамуратова

Хатшы: Ж.Н.Даниярбекова

Қатысқандар: 43

Қатыспағандар: Жок

Күн тәртібі

1. Тренинг: “Мейірімді болса жүрек, орындар тілек” психолог
2. Мектепке дейінгі мекемелерде жаңа инновациялық технологияларды жаңарту арқылы білім беру саласын арттыру. Тәрбиеші Р.Абжанова
3. Балабақшадағы музыка сабақтарында педагогикалық технологиялардың инновациялық элементтерін енгізу. Музыка жетекшісі А.К.Саулимбаева

Педагогикалық кеңес бақша психологі Ж.Рүстемованың тренингімен бастау алды. Тренингтің мақсаты Педагогтердің шеберліктерін арттыру топтасып жұмыс істеуді, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру. Шығармашылық стерестен арылуға ықпал ету. Адам бойындағы мейірімділікке, сүйіспеншілікке инабаттылыққа толы болуы әрбір тәрбиешінің бойынан табылар қасиеттер екенін айта отыра, оларға тамаша көңіл-күй жағымды атмосфера сыйлай білді.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша даярлық тобының тәрбиешісі Р.Абжанова сөз кезегін алды. Мектепке дейінгі мекемелерде жаңа инновациялық технологияларды меңгерту арқылы білім беру сапасын арттыруда білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты ой-өрісі жаңашыл шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын дүниетанымы жоғары жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие де мектеп алды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты оқыту мен тәрбиелеу ойын технологияларының элементтерін пайдалана отырып жан-жақты білімді, құзіретті тұлға тәрбиелеу керек екендігін нықтап атап өтті.

Педагогикалық кеңестің келесі сұрағы бойынша бақшаның музыка жетекшісі А.Саулимбаева тыңдалды. Бақшадағы музыка сабақтарында педагогикалық технологиялардың инновациялық

Шымкент қалалық білім бөлімі

№29 “Ай-Керім” бөбекжай- бақшасы МКҚК

№ 4 хаттама

№ 4 Педагогикалық кеңес

“Ойын балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы”

2021 жылғы ақпан

Шымкент қаласы

Төрайымы б/б менгерушісі: А.И.Хожамуратова

Хатшы: Ж.Н.Даниярбекова

Қатыскандар: 43

Қатыспағандар: Жок

Күн тәртібі

1. Тренинг: «Әріптестік қарым-қатынас» психолог Э.Маюсупова
2. «Театрлық ойындар арқылы баланың байланыстырып сөйлеуін қалай дамытамыз» (өз тәжірибесінен) тәрбиеші Г.Тажиева
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» әдіскер М. Абилдаева
4. «Достық» іскерлік ойын.

Педагогикалық кеңеске қатысушы педагогтарға мотивация беру мақсатында ,балабақша психологі

Ж. Э.Маюсупова «Әріптестік қарым-қатынас» тренингін ұйымдастырды. Тренингтің басты мақсаты педагогтің кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл- күйін көтеру.Аудио терапия, баяу әуен қойылды. Әуенді қосар алдында педагогтер көздерін жұму керек болды. Терең демалып әуен ырғағына зейін аударын Э.Маюсупова сөздеріне құлақ салды. “«Әріптестік қарым-қатынас» тренингі педагогтардығы психологиялық және эмоцияналдық жағдайына әсер етіп, оларға үлкен жағымды көңіл күй сыйлай білді. Барлық ұжым психологқа рақметін айтты.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша даярлық тобының тәрбиешісі Г. Тажиева сөз кезегін алды. Театрлық ойындар арқылы баланы дамытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңашыа қарым-қатынас арқылы ғана өз нәтижесін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары ғылым мен білімнің заманы оқыту процесінде театрлық ойындар арқылы балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген. Балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жөн деп біледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдау мүмкіндіктерін есте сақтау қабілеті әлсіз қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес мектепке дейінгі балалардың оқу іс әрекеттерінде көрнекілік ойын технологияларын кенінен қолданған жөн. Осы кезекте ересек тобының тәрбиешісі Л.Қуатбаева тәжірибесінен алған нәтижелерін ортаға салды. Ол тәрбиешіс бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға екендігін атап өтті. Театрлық ойындардың әсіресе қолғап театрын ойыны үстел үсті театр ойындарында театрлық іс әректті ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту ең тиімді тәсілдер болып табылады.

Балалардың тілін, сөйлеу мәдениетін дамытуда ой-өрісін дүниетанымын жетілдіруді балаларды адамгершілікке баулуды өз ойын нақты жеткізуде тапқыр сөйлеуде ақылды салмақты ой айтуда балабақшадағы театрлық ойындардың орны ерекше екендігін атап өтті.

Келесі сөз келегін әдіскер М.Абилдаева жалғады. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ойын технологияларының орны ерекше екендігін айта келе Ойын әрқашан білім бола отырып баланы білім алуға еңбекке адамгершілікке баулитын процесс болып табылады. Ойын балалар әрекетінің бір түрі. балабақшадағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу мақсатындағы қарым қатынастарының әдісі мен құралы ойын әрекеті естің ойлау мен қиялға баролық таным үрдісіне әсерін тигізеді. Ойын теориясымен практикасын отандық және шетелдік педагогтар психологтар социологтар зерттеуде. Жүйелі жүргізілетін ойындар негізінде эмоцияны дамыту қарым қатынас эмоцияналдық жағдайын жақсартуға бағытталған ойындық өзара әрекет бұл өмірдің имитациясы емес. Бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін мүмкіндіктерін жүзеге асыруына өзін өзі бейімдеуге мүмкіндік беретін ерекше іс әрекет түрі. Яғни ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы. Ойындар балалардың құлшынысын қызығушылығын арттырып отырмай есте сақтау ойлай білуге, адырата, салыстыра, алуға баулитын процес болып табылады.

Одан әрі педагогтарды бірлесе отырып әдіскер М.Абилдаева шығармашылық Бтобымен Достық іскерлік ойынын ұйымдастырды. Ойынның мақсаты мектеп жасына дейінгі білім мамандығы туралы білімдерінің жетілдіру ойын барысы арқылы барлық педагогтарды бір бірімен жақынырақ қарым қатынас жасауға достық шеңбер әріптестік бірлесі жасауға итермеледі. Сіздер барлықтарыңыз өз мамандықтарыңызды сүйіп істейсіздер. Кейде өздеріңізді де отбасыларыңызды да ұмытып барлық ынта жігерлеріңізді, көңілдеріңізді жұмысқа арнайсыздар. Бірін осы ойын арқылы қаншалықты жақсы көретіндеріңізді жауапкершілікпен атқаратындарыңызды байқауға болады. Ойын барысын бақылаушылар бағыттап ойынды бағалайтын болады деп сөзін жалғады. Ойын барысында тәрбиешілер өз деңгейін көрсете алды. Ойын барлық педагогтарға ұнады.

Қаулы етілді:

№ 4 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. Театрлық ойындар арқылы баланың байланыстыра сөйлеуіне дамыту мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінде жүйелі түрде қолдану өз жалғасын тапсын.
2. Балалардың ойлай қабілетін дамытуда ой белсенділігін арттыруда ұйымдастырылған оқу қызметі барысында логикалық ойындар санамақтар жұмбақ шешеулер жүйелі түрде енгізіліп отырылсын.
3. Педагогтарды шығармашылыққа белсенділікке өз мамандығына құрметпен қарауға, ынтасын арттыру мақсатымен жалғасын тапсын.

Төрайымы

А.И. Хожамуратова

Хатшы;

Ж.Н. Даниярбекова



Шымкент қалалық білім бөлімі
№29 “Ай-Керім” бөбекжай- бақшасы МКҚК

№ 5 хаттама

№ 5 Педагогикалық кеңес

“ Жеке тұлғаның әлеуметтік және шығармашылық жетілуін дамыту”

2021 жылғы ақпан

Шымкент қаласы

Төрайымы б/б меңгерушісі: А.И.Хожамуратова

Хатшы: Ж.Н.Даниярбекова

Қатысқандар: 43

Қатыспағандар: Жок

Күн тәртібі:

1. Тренинг: «Мен өмірді сүйемін» психолог Э.Маюсупова
2. «Жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің рөлі» кеңес тәрбиеші А.Дүкенбаева
3. «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талабына сай пән мұғалімінің музыка жетекшілерінің жұмысын бақылау анықтамасы» әдіскер М.Абилдаева
4. Шығармашылық білім саласы бойынша балалардың жетілуін тақырыптық тексеру (кәсіби әдіскер)

Педагогикалық кеңес психолог Э.Маюсупова Мен өмірді сүйемін атты тренингінен бастау алды. Тренингтің мақсаты: Педагогтарды өмірдегі өз орнын табуға көмектесу жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеу жақсы қасиеттерді бала бойына дарыту. Өмірге деген құштарлықтары қызығушылықтарын ояту өмірдің мәні «туралы ой пікірлерін » арттыруға салауатты көзқараспен қарауға қадірлеген, бағалай білуге тәрбиелеу, өмірден өз орындарын таба біліп айналасына қуаныш сыйлай білуге үйрету, Мен өмірді сүйемін атты психологиялық тренинг бүгінгі барлық педагогтарға үлкен позитивті көңіл күй сыйлап бір біріне тілек айтумен жалғасын тапты.

Келесі кезектетәрбиеші А.Дүкенбаева «Жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің рөлі» тақырыбында өз кеңесімен бөлісті.

Мақсаты: Балабақшада балаларға ұлттық тәрбие беру мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру. Оның бір мысалы ауыз әдебиеті үлгілерін қазақ халқының салт дәстүрін тиімді пайдалану халықтық педагогика тағлымдарын ұжымдастырудың тиімді жолдарын зерделеу. Балабақшадағы ұлттық тәрбиені міндетті ата бабамыздың қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруде қалыптастыру. Балаларымыз әрине көкпар бәйге қыз қуу теңге алыу, аударыспақ, т.б ойындарымыз арқылы қазақы ойындардан тәлім алып ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсетіні анық.

Осы орайда өз ойын «Ақбота» ересек тобының тәрбиешісі Г.Баепаева жалғастырды. Әрине балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып

қоғам тарихын салт дәстүрін ана тілін қастерлеу, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп тәуелсіз еліміздің парасаты адамгершілігіміздің бірлік білімді азаматтарын тәрбиелеуде жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың ұлттық тәрбиесінің маңызы өте зор екендігін айта кеткім келеді. Деп ойын ортаға салды.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әдіскер М.Абилдаева сөз алды. Мектепке дейінгі жалпы білім беретін, негізгі білім беру бағдарламаларына тоқтала келе жылдық мақсатты жүзеге асыру барысында жүргізілетін жұмыстар жөнінде мәлімдеді. Балалардың ой-өрісі дамып шығармашылық қабілеті өрістенген олардың білім саласындағы құзіреттілігін толыққанды айтты. Педагогтар балалардың жалпы дайындығына психологиялық адамгершілігіне және дене дайындығына аса көңіл бөлінгендігіне тоқталды. Мектеп мұғалімдерінің де анықтамасымен таныстырды.

Тақырыптық тексеру жылдық мақсат пен міндетке сай соған сүйене отырып қойылады. Сондықтан балабақша балаларының жыл бойы жиналған білім деңгейін білу үшін тақырыптық тексеруді жүзеге асыру мақсатымен күнделікті ұйымдастырлығын оқу қызметіне тексердім деп сөзін жалғастырды. Балалармен тест жүргізіліп қимылды және дидактикалық ойындар арқылы бақылап ойтарғанын айтты. Кіші сәбилер тобының ортаңғы және ересек топтарының сөйлеу ортасының даму деңгейін әр топқа жеке жеке тоқталып өтті жас ерекшеліктеріне қарай сөйлеу ортасының даму деңгейі айқын болды. Әр топта әр салаға байланысты дидактикалық ойындар қуыршақ театры сюжетті рөлдік ойындар мен жабдықталған. Әйтседе кейбір топтарға күннің екінші жартысында бала дамуына сөздік тілдік дамуына ойындардың ойналмайтындығы ескеріліп өтті. Тестілеу негізінен оң нәтиже көрсеткен топтың тәрбиешілеріне баланың дамуы үшін аянбай еңбек етіп жатқандары үшін алғыс айтатындығын айтты.

Ары қарай сөз кезегін бақша меңгерушісі А.Хожамуратова жалғастырды. Тәрбиешілер арасында өзара қарым – қатынас қабілеттерін дамыту қабылдарлық формада ашуды тарқатуға үйрету, өзара түсіністік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған топтық жұмыстар топпен жұмыс барысында мейірімділік атмосферасын орнату. Бұл ұжым ішінде ең керекті дүние екенін айта отырып өз ойын аяқтады.

Қаулы етілді:

№ 5 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. Жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қастерлеуде салт дәстүрімізді тиімді пайдалану ұлттық ойындарды ойнату, ұйымдастыру, оқу қызметтерінде жүйелі атқарылып отырылсын
2. Балабақша балаларының тілінде мәдениетінде жетілдіру сөйлеу деңгейін көтеру мақсатында сюжетті рөлдік ойындап ойнатылсын. Баланың байланыстыра сөйлеу білуіне мүмкіндік туғызу.
3. Педагогтар үнемі ізденіс үстінде болып, жаңа технологияларды меңгеріп білім сапасын және шығармашылық қымылдарын дамытырылсын.

Төрайымы:

А.И. Хожамуратова

Хатшы;

Ж.Р. Даниярбекова



Шымкент қалалық білім бөлімі
№29 “Ай-Керім” бөбекжай- бақшасы МКҚК

№ 6 хаттама

№ 6 Педагогикалық кеңес

“ Біз мектепке барамыз”

2021 жылғы 6 маусым

Шымкент қаласы

Төрайымы б\б меңгерушісі: А.И.Хожамуратова

Хатшы: Ж.Н.Даниярбекова

Қатысқандар: 42

Қатыспағандар: 1

Күн тәртібі:

1. Тренинг «Адамгершілік иірімдері» психолог Э.Маюсупова
2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі» әдіскер М.Абилдаева
3. «Жазғы сауықтыру жұмыстарының іс шараларын бекіту» Б\б меңгерушісі А.Хожамуратова
4. «Техника қауіпсіздігі» б/б меңгеруші А.Хожамуратова
5. Әр түрлі мәселелер (тәрбиешілер мен педагогтар)

Педагогикалық кеңесті бақша психологі Э.Маюсупова Адамгершілік иірімдері теринингімен бастады.

Тренингтің мақсаты: Тәрбиешілердің кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс істеуді дербестігін дамыту. Эмоционалды көңіл күйлерін көтеру. Юойдағы шаршаудан стрестан арылуға ықпал жасау, адамгершілік құндылықтарды бағалау. Тренинг соңында барлық педагогтар бір біріне толағай табыс пен шығармашылық тіледі.

Келесі кезекте балабақша әдіскері М.Абилдаева тыңдалды. Біз бекітілген білім стандартына сәйкес жұмыс жасаудамыз. Оның талаптарын жақсы меңгердік. Сондықтан балаларға да бағдарлама материалдарын меңгертуге толық мүмкіндік туды. Жылдық мақсатты жүзеге асыру мақсатында жүргізілген жұмыстар жөнінде мәлімдеді. Балалардың ой-өрісі дамыпшығармашылық қабілеттері өрістеген, олардың білім саласындағы құзіреттілігін толыққандығын айтты. Педагогтар балалардың жалпы дайындығына психологиялық адамгершілігін және дене дайындығына аса көңіл бөлгендігіне тоқталды.

Кеңестің келесі мәселесі бойынша меңгеруші А.Хожамуратова сөз жалғады. Ол педагогтарды жазғы сауықтыру жұмыстарымен таныстырды. Жазғы күн тәртібіне көшу бос уақыттағы денсаулық дене тәрбиесі жобасы, экологиялық жоба жаздың миниятурасы мерекелер ермектер, жарыстар жол тәртібін сақтайық, өнер аптасы болып бөлінгенін атап өтті. Әр бөлімде бөлімде өткізілетін нақты тақырыптар бар екенін айта отырып жоспар толық таныстырылған соң қолдануға ұсынылды.

Осы сұрақ бойынша Қызғалдақ тобының тәрбиешісі В.Адилова былай деді. Жаздық жоспар толық қамтылған және ерекшелігі жобаға бөлінген және ол жерде атқарылатын іс шаралар нақты айтылған. Тек сол жұмыстарды жауапкершілікпен атқару ғана жүктеліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібінің келесі кезегі бойынша меңгеруші А.Хожамуратова тыңдалды. Ол техника қауіпсіздігі ережелерімен таныстырып өтті. Алаңқайды таза ұстап балалардың ойнауына көңіл бөліп жағдай жасауына қауіпсіздігіне назар аударып ойын алаңқайларындағы әткеншектер мен сырғанақтардың құмдардың тазалығы мен олармен ойнағандағы қауіпсіздік шараларын қатаң бақылауда болу керектігін атап өтті. Алаңқайда ұлттық ойындар қимылды ойындар көптеп ойнатылуына басты көңіл аудару қажеттілігін тапсырды.

Ал, келесі сұрақта күн тәртібі ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен таныстырып өтті.

Қаулы етілді:

№ 6 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. 2020-2021 оқу жылының жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітілсін, әр тапсырма өз уақытында орындалып отырылсын.
2. Әр педагог бала өміріне жауапкершілікпен қарап, техника қауіпсіздігін қатаң сақтасын.
3. Күн тәртібі, жазғы ермектер, жарыстары, сайыстар өзгеріссіз жүйелі орындалсын.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Хожамуратова

М.А. Даниярбекова